

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 1 «Ә» сыныбында 2022-2023 оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмысының жылдық есебі

Тәрбие жұмысының бағдарламасының сегіз бағыты бойынша жылдық жұмыс жоспары жасалды. Азаматтық-патриоттық, құқықтық тәрбие бағытында «Білімге ұмтылу еңбексүйгіштік және отаншылдық», «Астана-отанымыздың жүрегі» тақырыптарына сынып сағаты өтті. Отбасы тәрбиесі бағытында «Тәрбие мектебі-Отбасы», «Алғыс айту парызым» тақырыптарында өткен сынып сағаттарында үлкенді сыйлау, отбасылық құндылықтар, кішіге қамқорлық қасиеттері насихатталды.

Сыныптың оқушылары мен ата-аналарын қосымша білім беру мекемелерінде жүргізілетін үйірмелермен таныстырып, оларға қатысуына түсінік жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде сыныптың 60-70% аталған мекемелердегі түрлі үйірмелерге қатысты.

Сынып сағаттарымен қатар танымдық сайыс сабақтары «Тәуелсіздік ел тірегі-білімді ұрпақ», «Кітап- сарқылмас рухани әлем» сайыс сабақтары өтті. Жоспарға қазақтың атақты тұлғалары, қоғам қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығы таныстырылып үлгі етілген сағаттар өткізілді.

Ұлттық тәрбие бағытында «Елім менің қазақстан», « Қазақстан республикасының мемлекеттік рәміздеріне 30 жыл», «Бірлі жарасқан Қазақстан» жас суретшілер байқауы жоспарға сай мақсаттарын орындап өткізілді.

Оқушылардың бойында табиғатқа әдепті көзқарастың қалыптасуына тәрбиелеу мақсатында «Табиғатым аманатым» тақырыбында, олардың ақыл-ойы мен білімге құштарлығын дамытуда « Кітап –рухани, сарқылмас әлем», « Ел тірегі білімді ұрпақ» тақырыбында, оқушылар бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру адам ағзасының мүмкіндіктері, оның қызметінің ерекшеліктері, сан алуан спорт түрлері олардың адамның рухани саулығына тигізер пайдасы жөнінде « Салауатты өмір-жарқын болашақ», «дені саудың рухы сау» тақырыптарында сынып сағаттары, кездесу кештері, танымдық ойындар өткізілді.

Осылайша жоспарланып жүргізілген тәрбие шаралары ,ата-аналармен жұмыс оқушылардың таным,білімінің шыңдалуына үлес қосты.

Сынып жетекшісі:



А.Н.Жанина